

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сколько китайцев погибло во Второй мировой войне. [Электронный ресурс]. Режим доступа: //dzen.ru/a/XZOvTjXI2ACxThMU?ysclid=m954qdajdr991123177
- 2 张海鹏. 第二次世界大战历史的宏观反思// file:///C:/Users/abjan/OneDrive/
- 3 Шахрай С.М. «Дружба проверенная войной...»: советско-китайское сотрудничество в годы Второй мировой войны. История и современность [Электронный ресурс]. Режим доступа:// https://historyrussia.org/polemika/tribuna/druzhiba-proverennaya-vojnoj-sovetsko-kitajskoe-sotrudnichestvo-v-gody-vtoroj-mirovoj-vojny-istoriya-i-sovremennost.html
- 4 Встреча с Председателем КНР Ху Цзиньтао [Электронный ресурс]. Режим доступа: // kremlin.ru/events/president/news/7689
- 5 Китай и Россия должны совместно защищать итоги Второй мировой войны - Си Цзиньпин - 21.01.2025, Sputnik Казахстан [Электронный ресурс]. Режим доступа://ru.sputnik.kz/20250121/kitay-i-rossiya-dolzheny-sovmestno-zaschischat-itogi-vtoroy-mirovoy-voyny---si-tszinpin-50175520.html

## НАПОЛЕОНДЫҚ ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС ТАРИХЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНДА БҰРМАЛАНУЫ МӘСЕЛЕСІ

Аймахов Е.Н., т.м., аға оқытушы  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан

Ресейде кеңес үкіметінің орнауы тарихи идеологияда және қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде өзгерістердің орнауына алып келді, бұл ең алдымен марксистік идеология бойынша қоғамның тарихы мен өміріне класстық тұрғыдан қараумен байланысты болды. Алайда тарих ғылымында мұндай тұрғыдан қарау тарихнамада бірден орнығып кеткен жоқ. Кеңес тарихнамасының қалыптасуына өзіндік роль атқарған М.Н. Покровский 1812 жылғы соғысты Отан соғысы деп санамады. Покровский М.Н. 1812 жылғы соғыс тарихына жаңа концепция енгізді. Ол 1812 жылғы соғыстың басталуына Ресейдің өзі жауапты екендігін, 1810 жылы желтоқсанда Ресей Францияға қарсы соғысқа дайындалғанын келтіре отырып, Ресейдің өзін агрессор мемлекет етіп көрсетті. [1, 44-45 бб.]

Покровский М.Н. дворяндық тарихнаманы сынға алуы оның басты еңбегі. А.Н. Михайловский-Данилевский және М.И. Богдановичтің Александр І-дің соғыстағы шешуші роль атқаруын асыра көрсету арқылы соғыстағы ірі қолбасшылардың еңбектерін төмендету мақсатындағы ресми “патшалық” концепциясын әшкереледі.

Алайда Покровскийдің он екінші жылғы соғыс тарихына жаңа тұжырымдама жасауы кеңес үкіметі тарапынан қарсы қабылданды. Осы мәселеге арнайы коммунистік партия мен кеңес үкіметі М.Н. Покровскийдің қателігі туралы қаулыны шығарды. [2, 6-7 бб.] 1930 жылы ішкі партиялық күрес нәтижесінде сталиндік жеңістің орнығуымен ерекшеленеді. Жеке бастың соғысқа дейінгі кеңес тарих ғылымы мен 1812 жылғы Отан соғысы тақырыбына үлкен ықпал болды. Жалпы тарихнама 1930 жылдың екінші жартысында И.В. Сталин пікірі мен ескертулерінің ықпалымен жаңа концепциялардың қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жатты. Осындай қалыптасқан жағдайда М.Н. Покровскийдің концепциясы қайта қаралып тарихшы И.М. Дружинин, Е.В. Тарле тарапынан жан-жақты сынға ұшырап, жоққа шығарылды. Кеңес тарихнамасында 1812 жылы соғыс Францияның бейбітшіл Ресейге жасаған агрессиялық соғысы болды деген тұжырымдар тез қалыптасты. [3, 97 б.]

1930 жылдар аяғында сталиндік пікірдегі басқа көзқарастың болуы мүмкін емес еді. Е.В. Тарленің үлкен жетістікке ие болған, белгілі “Наполеон” еңбегі қатарынан “Правда” және “Известия” газетінің беттерінде қатаң сын-пікірге ұшырады. Мақала авторлары кітапқа контрреволюциялық жариялым деп жала тақты. Бұл ақыр соңында Сталиннің іске

араласуымен аяқталды. Кейінгі жылдары Тарле еңбектерінің жазылуына Сталин тікелей ықпал жасады. [3, 4]

Кеңестік тарихнамада Наполеон армиясына қарсы ұлт-азаттық күрес мәселесі ерекше көңіл бөлінді. Әсіресе үкімет пен партияның идеологияны нығайту мақсатында 1934 жылы 16 мамырда шығарған “КСРО-ның мектептерінде азаматтық тарихты оқу” қаулысынан кейін, 1812 жылы Отан соғысына тарихшылардың көңілі күшейе түсті.

Кеңес билігі қалыптасқан жылдарымен кейінгі отыз жыл ішінде 1812 жылғы Отан соғысының тарихнамасының қалыптасуына үкімет пен партиялық-әскери тарихшылардың жан-жақты сын пікіріне қарамастан, академик Е.В.Тарленің орны ерекше.

Революцияға дейін тәжірибелі тарихшы ретінде қалыптасқан Е.В. Тарле еңбектерінің құндылығы оның революцияға дейін шетел архивтеріндегі құнды деректермен жұмыс істеп, соларды зеттеу жұмыстарында молынан пайдаланды. 1936 жылы шыққан “Наполеон” [5] еңбегі оны Ресей мен шетелде танымал тарихшы етті.

Тарле көлемді түрде Наполеон тұлғасының тарихын, Наполеон соғыстары дәуіріндегі халықаралық қатынастар және 1812 жылғы Отан соғысы қарсаңындағы дипломатиялық сайыстар мен соғысқа дайындық пен соғыс барысын зерттеді. [6] Сонымен қатар кеңес тарихнамасында алғашқы болып Наполеон дәуіріндегі экономикалық қатынастар мен континентальдық блокада мәселесіне ерекше көңіл аударды. [7]

Ұлы Отан соғысы 1812 жылғы соғыс тарихнамасының дамуына үлкен ықпал жасады. Фашистік Германияның КСРО-ға агрессиялы, 1941 жылғы қайғылы соғыс барысы, қызыл Армияның Москваға қарай шегінуі, кейін кеңес армиясының жеңісті шабуылдары мен Үшінші рейх астанасын кеңес армиясының адуы XIX ғасыр басындағы оқиғаларға зерттеушілердің жаңаша қарауына ықпал жасады. Екі Отан соғысының тарихының ұқсастығы енді салыстырма түрінде жазыла бастады. Ұлы Отан соғысы барысында армияның рухын күшейту үшін атақты қолбасшылардың есімдері жиі аталатын болды. М.И. Кутузов тұлғасына енді ерекше баға беріле басталды. [8] Сталин М.И. Кутузовты Наполеоннан да жоғары бағалады. Бұның бәрі 1812 ж. Отан соғысындағы жеңістің бәрін М.И. Кутузов есімімен байланыстыруға әкелді. [9, 98-99 бб.]

Ұлы Отан соғысы Е.В. Тарле еңбектеріне де өз әсерін тигізді. 1941-1950 жж. оның еңбектері ғылыми сипаттан көрі пропагандалық сипатта жазылды. Оның еңбектерінде Наполеон бейнесі агрессор Гитлермен салыстырылды. Бұл әрине сол заманда барлық тарихшыларға тән құбылыс болды.

1945 жылы қыркүйегінде М.И. Кутузовтың туылуына 200 жылдық мерей тойының келуі бұл тақырыпты тарихнамада алдыңғы қатарға шығарды. Мерей той өткізу туралы шешімді тікелей ЦКВКП(б) оргбюросында қабылданды. Жоспар бойынша бұхара халық арасында лекциялар оқудан бастап Кутузов жайлы көркемфильмдер түсірумен көрсету жоспарланды.

Кутузов тақырыбы кейінгі жылдарда да жалғастырылды “М.И. Кутузов” (т.1-4. М., 1945-1954), “Фельдмаршал Кутузов” (М., 1945; 2-е изд. –1947), “Бородино” (М., 1962), “Народное ополчение в Отечественной войне” (М., 1962). Бұл жинақтардың ғылыми құндылығынан гөрі үгіттеу мазмұны жоғары болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда жазылған еңбектер негізінде Сталиндік пікір жатты. Тарихшы А.Тартаковскийдің пікірінше “Великая национальная война породила и великую традицию ее осмысления. На долгое время изучение 1812 года было в какой-то мере монополизировано военными историками, в профессиональном отношении подготовленными весьма слабо”. “В ряде работ 50-60-х годов, написанных с казенно-патриотических в точнее, псевдопатриотических позиций, крупнейшие сражения, маневры, стратегическое содержание компаний, цели и планы сторон и т.д. были представлены в искаженном, в порой и фальсифицированном виде. Фигуры виднейших русских военачальников изображались зачастую в трагедийно-иконописных или, наоборот, в несправедливо-обличительных тонах. Принижались силы неприятеля,

полководческое это было дискредитацией военного прошлого России и его действительно славных традиции. Преимущественное внимание уделялось при этом военно-дипломатическим аспектам 1812 года. Внутренняя же жизнь русского общества, политические и социальные отношения, общественное построения той эпохи оставались часто в тени”. [10, 37 б.]

Ал тарихшы В. Безотосный кеңес тарихнамасындағы 1812 жылғы оқиғаларға арналып жазылған еңбектерді былай сипаттайды: Историки замолчивали или преувеличивали деятельности отдельных личностей, перевертывали с ног на голову события войны, внезапное нападение Наполеона на Россию, победа под Бородино, пожар Москве, контрнаступление, стремление истолковать “любую цифру” в русскую пользу и т.д. В итоге – теоретическое блуждание, историко-графическое очковничество, упрощенчество и просто прямое компиляторство, практиковавшееся многолетними монополистами военно-исторической науки Л.Г. Бескровным и П.А. Жилиными”. Бұл тарихшылар қатарына ол белгілі тарихшы Н.А. Троицкий, Н.Ф. Горчинді де қосады. [11]

Кейінде жоғарыда көрсетілген тарихшылар 1812 жыл оқиғаларының мазмұнын жалған жазуды жалғастырды. [12, 33 б.] Л.Г. Бескровный [13, 429 б.] және П.А. Жилин Наполеонның жоспары Москваны алу болды деп жазды. Шын мәнінде әскери қимылдар басталғанға дейін де одан кейінгі соғыстың алғашқы аптасында Наполеон Москваға жорық жасауды жоспарламады және жасауы да мүмкін емес еді. Бұл жөнінде революцияға дейінгі тарихшылар жазды. [14] Мұндай тұжырымды 70-жылдар басында жеткілікті түрде аргументтеген А.З. Манфред. Ол өзінің еңбектерінде: “Ни в одном из официальных документов французского командования начала войны нельзя найти никаких упоминаний о Москве. Мысль о глубоком вторжении, о проникновении в глубь Российской империи первоначально исключалось Наполеоном” [15, 629 б.]

Ресей мен Франция қатынастары және 1812 жылғы соғыс тарихнамасында 60-70 жылдар жемісті болды. 50-жылдар аяғынан бастап жариялана бастаған “Внешняя политика России XIX и начало XX века” атты Ресей сыртқы істер министрлігінің құжаттары жарияланған сериялық жинақтар шығарылды. Осы жинақтың 1 сериясы [16]1801-1815 жж. аралығын қамтыды. 1962 жылы Наполеон армиясын Ресей халқының жеңуіне 150 жыл толуына сәйкес “Внешняя политика России XIX и начало XX вв.” құжаттар жинағының 6 томы жарияланды. Бұл томға 298 құжат енгізілді. Бұл құжаттар 1811-1812 жж., яғни соғыс қарсаңындағы орыс дипломатиясының ісіне қатысты. Бұрын соңды тарихи айнылымға енгізілмеген деректердің жариялануы жинақтың ғылыми құндылығын бағалы етті. Жинақта бірінші рет Францияның 1812 ж. 10 июньдегі соғыс жариялау нотасының мазмұны берілді. Сонымен орыс тарихнамасындағы Наполеондық Францияның Ресейге соғыс жарияламай, баса көктеп кірді деген қағидасы жоққа шығарылды. 1960 жылдың ортасында М.Ф. Злотниковтың “Континентальная блокада и Россия” [17] атты кітабының жариялануы континентальды блокада мәселесіне жаңаша қарауға мүмкіндік берді. М.Ф. Злотниковтың бұрын-соңды тарихи айналымға шықпаған құнды деректерді пайдалануы мен оны жан-жақты зерттеуі арқылы, алғаш рет кеңес тарихнамасында Ресейдің Англиямен қатынасын үзуі мен континентальдық блокадаға қосылуы Ресей экономикасына кері әсерін тигізді деген қағиданы жоққа шығарды. [17, 161 б.]

1812 жылғы Отан соғысының тарихнамасында, Отан соғысының белгілі маманы, профессор Н.А. Троицкийдің еңбектерінің ерекше орны бар. Оның еңбектерінде соғыстың Ресейдің жеңіспен шығуы халықпен байланыстырады. Соғыс барысындағы халық ролі ерекше көрсетілді. Троицкийдің кеңес тарихшыларының еңбектерінен [18] ерекшелігі, оның еңбектерінде алғаш рет тарихнамадағы Горнич, Жилин, Бескровный сияқты тарихшылардың Отан соғысының жалған мазмұнын қалыптастырған қағидалары аргументті түрде жан-жақты сынға алынды. Ол 1812 ж. Отан соғысының тарихнамасында көптеген түсініксіз даулы сұрақтардың көп екендігі жазды. [3, 105 б.]

Троицкий Н.А. Александр I мен Наполеон тұлғаларының өмірін салыстырмалы түрде жазуға қадам жасады. Осындай еңбектер қатарына тарихшы В.Г. Сироткиннің

еңбектерін [19] жатқызуға болады. Ол 1812 жылғы Отан соғысының тарихымен қоса наполеондық Франция мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастарды жан-жақты зерттеді. Оның еңбектерінде Тильзит келісімі, континентальдық блокада, екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың, әсіресе орыс дипломатиясын саясатына жаңаша баға берілді. Екі ел арасындағы соғыс себептерін жаңа архив материалдарымен жаңаша қарастырады.

Академик Е.В. Тарленің шәкірті А.З. Манфредтің “Наполеон Бонапарт” [20] атты монографиясы Отан соғысының тарихнамасына елеулі өзгерістер енгізді. Манфред сирек құжаттар негізінде Наполеон дәуірінің басты оқиғаларының қыры мен сырын ашады.

Аргументті құжаттар мен материалдарға сүйене отырып, Наполеонды қоршаған адамдар, Наполеонның жеңістері мен жеңілістерінің себептерінің іш сырын көрсету арқылы Наполеон тұлғасымен оның саясатына мейлінше объективті баға береді.

Отан соғысының белгілі мамандары Б.С. Абалихин және В.А. Дунаевский кеңес тарихнамасына алғаш қорытынды жасауға әрекет жасады. Олар 1917-1987 жылдар аралығындағы КСРО-да жарияланған тарихнаманың және дерекнамалық еңбектерді комплексті түрде талдау жасауға тырысқан. Монографияда авторлар 1812 ж. Отан соғысы тарихнамасын кезеңдерге бөлуге, тақырыптың жалпы зерттелуінде кеңес ғалымдарының еңбектерінің үлесін анықтауға тырысқан. Сонымен қатар монографияда даулы сұрақтарға біраз көңіл аударылған. [21] Абалихин мен Дунаевский 1812 ж. Отан соғысының тарихнамасын үш негізгі кезеңге бөледі: бірінші, 1937-1938 жж. Отан соғысына 125 жыл толуы мен М.И. Кутузовтың өмірден кеткеніне 125 жыл толуымен байланысты, екінші кезең 1945 ж. М.И. Кутузовтың туғанына 200 жылдық мерейтойы мен кеңес халқының фашистік германияны талқандауымен байланысты, үшінші кезең 1962 жылы Ресейдің наполеондық армияны жеңуіне 150 жыл толуымен байланысты, бұл соңғы кезеңді тарихшылар Отан соғысы тарихнамасында жаңа кезең деп санайды. Б.С. Абалихин және В.А. Дунаевский үшін ескі стереотиптерден бас тарту оңайға түспеген. Тарихнамадағы кейбір мәселелерін қарастыруда компромистік баға беруге және тарихнамадағы жалған көзқарастарды ақтап шығуға тырысқан. Монографияда 1812 ж. Отан соғысы тарихындағы басты және даулы сұрақтарға жауап берілмеген.

Кеңес тарихнамасына қортынды жасайтын болсақ, бұл дәуірде 1812 жылғы Отан соғысы және сонымен байланысты тарихи оқиғалар тақырыбы күрделі кезеңнен өтті. Кеңес тарихнамасының қалыптасу барысында революцияға дейінгі жазылған еңбектерден, деректер мен құжаттар негізінде қалыптасқан концепциялардан түбегейлі бас тарту, ал 30-40 жылдарда кеңес идеологиясының талабына сай 1812 ж., соғысы тарихына жаңа концепциялар енгізуін тарих ғылымы бастан кешірді. Кеңес дәуірінде 1812 жылғы соғысты зерттеумен негізінен әскери тарихшылар айналысты. Олардың еңбектерінде соғыс мазмұнын өзгерту, соғыс қарсаңындағы екі ел арасындағы қатынастар, соғыс барысындағы маневрлер, компанияның стратегиялық мазмұны, екі жақтың жоспары мен мақсаты т.с.с. бұрмаланған, ал кейде тіптен жалған түрінде берді. Ал соғыс тарихына жаңа объективті баға беруге қадам жасаған тарихшылар мен олардың еңбектері жан-жақты қыспаққа ұшырады. Тарихқа жасалған мұндай қиянат 80 жылдар аяғына дейін сақталып келді.

Тек 90-жылдар басында қалыптасқан жаңа тарихи кезең кеңес тарихнамасына жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Соңғы он жылдан астам уақыт ішінде тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі методологиялық және теориялық өзгерістер арқасында 1812 жылғы Отан соғысы тарихы жан-жақты зерттелуде. Бір ғана тарихи “Родина” [10, 36-39 бб.; 72-75 бб.; 133-137 бб.] журналында кеңес тарихнамасындағы наполеондық Франция және Ресей қатынастарына, 1812 жылғы Отан соғысы тарихына қатысты қағидалар мен тұжырымдар тарихшылардың бас қосуымен домалақ үстелде жан-жақты сыналып, XVIII ғ. аяғы XIX ғ. басында қалыптасқан тарихи оқиғалар мен соғыстарға объективті баға берілсе де, әлі күнге дейін, Ресейдің жоғарғы және орта оқу орындарына арнап жазған оқулықтарда Кеңес дәуірінде қалыптыстырылған тарихи шындықтан алшақ қағидалар өз күшін жоғалтпай емес.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Покровский М.Н. Дипломатия и войны царской России в XIX столетии. – М.: Красная новь, 1923 – С. 392
- 2 Тарле Е.В. Сочинения в двенадцати томах. VII том. – М.: Издательство АН СССР, 1959 – С. 866
3. Шеин И.А. Сталин и Отечественная война 1812 года: опыт изучения советской историографии 1930-1950 –х годов //Отечественная история. 2001. №6 – С. 97-108
- 4 Шеин И.А. Академик Е.В.Тарле и власть // Исторический архив. –2001. №3. – С. 91-111
- 5 Тарле Е.В. Наполеон. – М., 1936; 1939; 1941; 1957; 1992
- 6 Тарле Е.В. Нашествие Наполеона на Россию 1812 год. – М., 1938; Сочинения в двенадцати томах. – М.: Издательство АН СССР, 1958; Галейран. – М.: Республика, 1993
- 7 Тарле Е.В. Континентальная блокада /Исследования по истории промышленности и внешней торговли Франции в эпоху Наполеона. – М., 1913; Сочинения в двенадцати томах. – М., 1958. Т.Ш
- 8 Жилин П.А. Контрнаступление Кутузова в 1812 году. – М.: Воен. изд-во, 1950; Гибель наполеоновской армии в России. -2-е изд., исправ. и доп. – М., 1974
- 9 Шеин И.А. Сталин и Отечественная война 1812 года: опыт изучения советской историографии 1930-1950 –х годов // Отечественная история. 2001. №6 – С. 97-108
- 10 Материалы круглого стола на тему «Сомнения в очевидном» //Родина. –1992. – №6-7, 36-39; 72-75; 133-137 бб.
- 11 Троицкий Н.А. Александр I и Наполеон. – М.: Высшая школа, 1994 – С. 304
- 12 Жилин П.А. Отечественная война 1812. – М.: Наука, 1988 – С. 494
- 13 Бескровный Л.Г. Отечественная война 1812 г. – М.: Соцэкгиз, 1962 – С. 611
- 14 Каллистов Н.Д. Русский флот и двенадцатый год. – СПб., 1912 – С. 184
- 15 Манфред А.З. Наполеон Бонапарт. – М.: Мысль, 1971 –С. 724
- 16 Внешняя политика России XIX –начало XX вв. Документы Российского министерства иностранных дел. Серия 1. (1801-1815 г.г.) – М., 1960-1962. Т.1-6
- 17 Злотников М.Ф. Континентальная блокада и Россия. – М.-Л.: Наука, 1966 – С. 360
- 18 Троицкий Н.А. 1812 год: Великий год России. – М.: Мысль, 1988 – С. 352
- 19 Сироткин В.Г. Дуэль двух дипломатий. – М.: Наука, 1966 – С. 208; Отечественная война 1812 г. – М., 1988 – С. 255
- 20 Манфред А.З. Наполеон Бонапарт. – Сухуми, Алашара, 1989 – С. 680
- 21 Абаляхин Б.С., Дунаевский В.А. 1812 год на перекрестках мнений советских историков, 1917-1987. – М.: Наука, 1990 – С. 246

### ҚАЗАҚСТАНҒА ЭВАКУАЦИЯЛАНҒАН КӘСІПОРЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТАРИХЫ

Алимханова Д.А., г.ф.м., оқытушы

ЖББОМ №15

Қарағанды қ., Қазақстан

[Dana.21.08.87@list.ru](mailto:Dana.21.08.87@list.ru)

Майдан шебінен миллиондаған адамдарды, мындаған кәсіпорындарды, мәдениет және ғылым мекемелерін көшіру күтпеген оқиға болса да, алайда ол экономиканы қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Қайтадан басқаша жаракталған кәсіпорындарды орналастыруға шешім қабылдаған аумақтардың бірі Қазақстан болды. Өндіргіш күштерді эвакуациялау кезінде түрлі аймақтың негізгі артықшылығы, шикізат көздеріне тікелей жақындығы, адам ресурстары мен материалдық ресурстардың болуы ескерілді. Соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезеңінде Орталық Қазақстанда көмір- металлургия кешенінің құрылғаны белгілі. Оны Қарағандыға көшірілген Пархоменко атындағы Ворошиловоград